

**Алиева Ж.Н., Қалиева А.Б.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: azhn99@mail.ru

## **ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫ**

ЮНВТО, ЮНЕСКО, БҰҰ, ПРООН сияқты әлемдік ұйымдардың көптеген жобалары және Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан мемлекеттердің бағдарламалары Еуразиялық кеңістіктегі елдердің экономикалық өсімі мен интеграциясына, сондай-ақ әлемдік бағыт бойынша туризмді жандандыруға ықпал етеді. Осыған байланысты Ұлы Жібек жолындағы көшпелі туризмді адам қозғалысының белсенді формасы ретінде дамыту өзекті. Қазақстан туризмнің осы түрін ұйымдастыру үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген тарих, археология, сәулет, ежелгі ескерткіштері көшпелі туризмді жандандыруға және тұтастай алғанда туризм саласындағы өңірлік ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Мақалада көшпелі туризмнің теориялық негіздері және оның Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігінде ұйымдастыру мүмкіндігі қарастырылған. Көшпелі туризмнің жіктемесі және оның дамуының артықшылығы талданып, Ұлы Жібек жолында көшпелі туризмді дамытудың SWOT-талдауы жасалды, әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сонымен қатар, авторлар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің бойында туристік маршруты ұсынылды. Болашақта осы маршрут негізінде көшпелі туризм түрін аралас көлік құралдарын пайдаланып, ұйымдастыру жоспарлануда.

**Түйін сөздер:** көшпелі туризм, жаяу және ат туризмі, велотуризм, мототуризм, автотуризм, қозғалмалы туризм.

Aliyeva Zh.N., Kaliyeva A.B.

Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: azhn99@mail.ru

### **Development of nomad tourism on the Great Silk Road**

Numerous projects of the world organizations UN, UNWTO, UNESCO, UNDP and the programs of the states located on the Great Silk Road contribute to the economic growth and integration of the countries of the Eurasian countries, as well as the revival of tourism on a world-wide route. In this regard, the most relevant is the development of nomadic tourism on the Great Silk Road as an active form of the human movement. Kazakhstan has great opportunities for organizing this type of tourism. Unique monuments of history, archeology, architecture, ancient cites included in the UNESCO World Heritage List will contribute to the activation of nomadic tourism and, in general, the strengthening of regional cooperation in the field of tourism.

The article considers theoretical foundations of nomadic tourism, the possibilities of its organization on the Kazakh area of the Great Silk Road. The classification of nomad tourism is presented, the advantages of its development are analyzed, the SWOT-analysis of the development of nomadic tourism on the Great Silk Road is compiled, , conducted a sociological survey. At the same time, the authors suggest a tourist route along the international transport corridor "Western Europe - Western China". In the future, it is planned to make a combined route, using mixed vehicles.

**Key words:** nomadic tourism, pedestrian and horse tourism, bicycles and motor tourism, autotourism, mobile tourism.

Алиева Ж.Н., Қалиева А.Б.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: azhn99@mail.ru

### Развитие кочевого туризма на Великом Шелковом пути

Многочисленные проекты мировых организаций ООН, ЮНВТО, ЮНЕСКО, ПРООН и программы государств, расположенных на Великом Шелковом пути, способствуют экономическому росту и интеграции стран Евразийского пространства, а также возрождению туризма на трассе мирового значения. В этой связи наиболее актуальным является развитие кочевого туризма на Великом Шелковом пути как активной формы человеческого движения. Казахстан располагает большими возможностями для организации данного вида туризма. Уникальные памятники истории, археологии, архитектуры, древние городища, включенные в Список Всемирного Культурного Наследия ЮНЕСКО, будут способствовать активизации кочевого туризма и, в целом, укреплению регионального сотрудничества в области туризма.

В статье рассматриваются теоретические основы кочевого туризма, возможности его организации на казахстанском участке Великого Шелкового пути. Представлена классификация кочевого туризма, проанализированы преимущества его развития, составлен SWOT-анализ развития кочевого туризма на Великом Шелковом пути, проведен социологический опрос. Вместе с тем авторами предлагается туристский маршрут вдоль международного транспортного коридора «Западная Европа – Западный Китай». В будущем планируется, сделать комбинированный маршрут с использованием смешанных транспортных средств.

**Ключевые слова:** кочевой туризм, пешеходный и конный туризм, велотуризм, мототуризм, автотуризм, подвижной туризм.

### Кіріспе

Жібек жолы әртүрлі елдердің, мәдениеттің, халықтар мен өркениетінің бейбітшілікте өмір сүруінің алғашқы үлгілерінің бірі болды. Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азияның сауда және мәдениеттердің өзара әрекеттестігі ұзақ уақыт бойы Жібек жолымен жүріп жатты. Бұл Ұлы жібек жолының тарихи, экономикалық, мәдени және қатынас сапаларының өте сирек кешені ретінде, саяси экономикалық прогресс ретінде жаңа ғасырда пайдалану қазіргі өркениеттің тарихи парызы болып табылады.

Жібек Жолының Қазақстан аумағының 1700 километрді құрайтын туристік негізгі ресурстары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда жинақталған, ал Түркістан, Тараз және Алматы осы аймақта ерекше орынды иеленеді. Сондықтан, осындай көптеген туристік мекендері бар Жібек жолы үшін көшпелі туризмді дамыту аса өзекті болып табылады.

Жалпы, көшпелі туризм ХХ ғасырдың 90 жылдардың басында пайда болған жаңа белсенді туризм түрлеріне жатады. Көшпелі туризмді кейбір әдебиеттерде авторлар қозғалмалы немесе белсенді туризм деп атайды. Сондықтан «көшпелі туризмнің» бірнеше анықтамалары бар.

В.В. Храбовченко ойынша, қозғалмалы туризм қозғалыстың белсенді түрлерімен және табиғатта демалумен байланысты барлық саяхаттарды біріктіретін түрі. Автор қозғалмалы туризмге тау және жаяу, су, ат туризмін жатқызады (Храбовченко 2004).

Ал, С.Э. Мышлявцева пікірінше, қозғалмалы немесе белсенді туризм бұл күрделілігі жоғары емес маршрут бойынша қатты өзгермеген табиғи ортада, белсенді қозғалу әдістерін қолданумен саяхаттау формасын айтады (Мышлявцева 2007).

Russia Discovery компаниясы көшпелі туризмді белсенді қозғалыс әдістеріне толған және табиғатпен үйлесетін қызықты саяхат ретінде анықтайды (Разнообразие туров в регионах 2010)

Көшпелі туризмнің әлемдегі негізгі орталығы ретінде дамытуды көздеп отырған ел- Моңғолия. 2016 жылдың қазан айының 13-15 күндері Ұлан-Баторда өткен «Бірінші халықаралық көшпелі туризм және Ұлы Жібек жолы бойында қалалардың тұрақты дамуы» конференциясында Моңғолия парламентінің спикері Миеэгомбо Энхболд: «Тұрақты даму жоспары бойынша Моңғолия 2030 жылға дейін көшпелі туризмнің орталығы болады» деп айтқан. Энхболдтың пікірінше, Моңғолияның көшпелі туризмді дамытуда потенциалының жеткілікті екенін айтады (Амбициозный план Монголии стать мировым центром кочевого туризма может воплотиться в жизнь 2016).

### Қолданылған деректер мен зерттеу әдістері

Көшпелі туризм дегеніміз маршрут бойынша белсенді немесе белсенді емес (физикалық күшті немесе техникалық) әдістерді пайдалану

арқылы табиғи ортада, рекреациялық мақсатта жасалған саяхат түрі болып табылады.

Осы анықтамаларды саралай келе, қазіргі кездегі көшпелі туризмнің классификациясын ұсынуға болады (1 кесте). Көшпелі туризм үнемі қозғалыста болуды, келген орнын ауыстыруды болжамдайды. Бұл жерде, келу бағынышты сипатта болады. Көліктің техникалық мүмкіншіліктерінің өсуімен көшпелі туризм үрдісі де, туристің «кеңістікті пайдалануға» икемділігі де күшейіп келеді.

Рекреациялық қызмет қозғалуы дәрежесінің өзгеруі туризмнің материалдық-техникалық базасындағы географияға әсер етеді. Қозғалыстың артуы, әсіресе автотуристердің көбеюі туризмді аумақтық ұйымдастырудың желілік-тораптық қағидасын күшейтеді. Туризмнің материалдық-техникалық базасы жолдар бойында дамуға икемделеді. Дербес көлік құралдарының өсу нәтижесінде бір жерде тұрақтаудың орнына, туристердің бірнеше жерлерге баруы, саяхаттауына сұраныс көбірек болады (Нұрланбекова 2011).

1 кесте – Көшпелі туризм классификациясы

| Жіктеу белгілері                    | Көшпелі туризм түрлері  |
|-------------------------------------|---|
| Маршруттағы жылжу әдісі бойынша     | Жаяу және ат туризмі;<br>Вело және мототуризм;<br>Автотуризм. |
| Саяхаттың ұзақтығы бойынша          | Қысқа мерзімді;<br>Ұзақ мерзімді.                             |
| Маршрут трассасының құрлысы бойынша | Сызықтық;<br>Сақиналы.  |
| Қатысушы саны бойынша               | Жеке;<br>Отбасылық;<br>Топтық.                                |
| Ұйымдастыру сипаты бойынша          | Ұйымдастырылған;<br>Ұйымдастырылмаған.                        |

Көшпелі туризмде қозғалыс дәрежесі туризм зерттеу әдістемесінде, әсіресе рекреациялық ресурстарды бағалауда көрінеді. Мысалы, автожол бойынша пейзажды бағалау, жаяу жүріс немесе стационарлық туризм үшін ландшафтарды бағалаудан ажыратылады. Жаяу туризм үшін пейзажды ауыстыру жиілігі автотуризмге карағанда көбірек болатыны анық.

Бүгінгі көпшілік туристердің мүдделері мынандай: қайда бару керек деген шешім қабылдағанда турист бірнеше жерлерге немесе мемлекеттерге баруды есептейді. Осыдан, көшпелі туризм қалыптасады және осындай бағдарламаны таңдағанда танымдық ынтадан басқа, экономикалық тартымдылықтың маңызы зор болады. Сондықтан да Ұлы жібек жолында көшпелі туризмді дамыта отыра, орналасқан әрбір жерге немесе мемлекетке жеке-жеке барудан гөрі тиімдірек болады.

Ұлы жібек жолы бойынша көшпелі туризмді ұйымдастыру үшін маршрут жоспарланған аумақ бойынша мемлекеттің туроператорлармен

бірігіп жұмыс істеу керек. Бірақ біріккен турөнімді құруда шешуші рөл негізінен бастамашы авторларға беріледі. Сондықтан осы мемлекеттерде тек сенімді серіктестерден басқа, турды жүргізу жоспарланатын мемлекеттің негізгі туристік ресурстарын да білу керек. Қазақстан үшін бұл өте маңызды. Себебі бүгінгі күні көшпелі туризмнің біріккен маршруттары осы Ұлы жібек жолы идеясы аясында жүргізіледі (Кочевой туризм предлагают развивать в РК 2016).

Ұлы жібек жолы ескерткіштерін толығымен қамтудың негізгі мәселесі мемлекеттер арасындағы шекара болып табылады, яғни көшпелі туризм кезінде бір жерден екінші жерге, немесе бір мемлекеттен екінші мемлекетке қоныс ауыстыру туристер үшін, турды ұйымдастырушылар үшін де күрделі мәселе болып табылады. Мысалы, көшпелі туризмнің біріккен бағдарламаларын Ұлы жібек жолы бойындағы қалаларда ұйымдастыру мен жоспарлау үшін сол қалалар орналасқан мемлекеттің бақылау-өткізу бекеттерінің өткізу уақыты мен мерзімін білу

керек. Себебі, тіпті кейбір күндері, мысалы мерекелік күндер бақылау өткізу бекеттері жұмыс істемейді. Мұндай қиыншылықтар Ұлы жібек жолы бойындағы мемлекеттердегі көшпелі туризм маршруттарының өту үдерісіне кедергі келтіреді. 2 кестеде Ұлы Жібек Жолы бойында көшпелі туризм дамуының SWOT талдауы көрсетілген. Ертеде Ұлы жібек жолының дамуы әртүрлі мем-

лекеттердің керуен жолдарын бақылау үшін геосаяси күреске байланысты болса, бүгін де сол аса қатты өзгерген жоқ: геосаяси тұрақтылық сол қалпы маңызды рөл атқарады. Тек, Ұлы жібек жолының даму мақсаты өзгерді. Егер бұрын Ұлы жібек жолы бойы көшіп – қону мақсаты сауда болса, бүгін көршілес өзара қатынас негізінде туризмді дамыту болып табылады (Шашкова 2010).

2 кесте – Ұлы Жібек жолы бойында көшпелі туризм дамуының SWOT- талдауы

| Артықшылықтары   | Кемшіліктері  |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- табиғи ресурстардың молшылығы: жер рельефі, туристерге көрсетуге арналған табиғи объекттер;</li> <li>- туристік объекттер(көрнекті орындар);</li> <li>- әр елдің мәдениетімен танысу: халық дәстүрлерінің сақталуы мен онымен танысу;</li> <li>- халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы: өмір сүру жағдайының жоғарлауы, халықтың білімділігі мен көзқарастарының дамуы;</li> <li>- инфрақұрылымның дамуы;</li> <li>- автотуризм, велотуризм, салт атты туризмді дамыту;</li> <li>- Ұлы Жібек жолы бойындағы әр елдің ✓ ұлттық өнімдерін шетелге шығару;</li> <li>- көрші мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнату;</li> <li>- салауатты өмір салтын ұстану.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- осы сфераның дамуына арнайы мемлекеттік қолдаудың жоқтығы;</li> <li>- кездейсоқ апаттардың болуы;</li> <li>- мезгілдік саяхат жасауға баратын айақтарға байланысты (қыста солтүстік аймақтарда қауіпсіздік ретінде, мұзтайғақ болғанда жолдарды жауып тастайды);</li> <li>- тілдік кедергі: аудармашылардың жетіспеушілігі, халықтың көпшілігінің халықаралық қатынас тілі болатын ағылшын тілін білмеуі.</li> </ul> |
| Мүмкіндіктері  | Кедергілер  |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- жаңа және бәсекеге қабілетті отандық түрөнімдердің жасалуы;</li> <li>- туристерге қызмет көрсетуге жаңа инновацияларды енгізу;</li> <li>- әлемдік туристік нарыққа еліміздегі туризмді насихаттау;</li> <li>- инвестицияларды тарту.</li> </ul>   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- экономикалық кризистің қалыптасуы;</li> <li>- табиғи апаттардың болуы;</li> <li>- саяси мәселелер: мемлекет аралық келіспеушіліктер.</li> </ul>  |

Осылайша, көшпелі туризмнің тұрақты өсуі туризмнің дамуы, мұраны басқару және жергілікті қауымға құрмет көрсету арасында теңдікті қамтамасыз етуді талап етеді. Ол сонымен қатар Ұлы жібек жолының тағайындалу орындары, меншікті сектор және азаматтық қоғам арасында кооперацияларды және жан жақты әрекеттесуді талап етеді. Бекітілген элементтерге сәйкес Ұлы жібек жолында мемлекеттердің туризмді дамытудағы дұрыс саясаты мен мақсаты толыққанды көшпелі туризмді құруға мүмкіндік береді.

### Нәтижелер мен талдау

Көшпелі туризмді Ұлы Жібек жолы бойында және біздің мемлекетте дамытудың барлық мүмкіндіктері бар. Көшпелі туризмді Қазақстанда «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік инфрақұрылымы мен туристік кластер арқылы дамытуға

болады. Негізінен бұл жолды «Жаңа Жібек жолы» деп те атайды (Жумагулова 2015). «Жаңа Ұлы жібек жолының» іске қосылуы Қазақстан мен Орта Азия үшін мынандай игіліктерге кенеле алады:

1) Ежелгі сауда жолдары кейіпке енеді, яғни инфрақұрылым дамиды. Ерекше атап көрсететін мәселе, «Жаңа Ұлы жібек жолы» тек «Батыс Қытай- Батыс Еуропа» көлік дәлізі ғана емес, осы бастама арқылы автомобиль жолдары, теміржолдар, құбыр жолдары және т.б. мейлінше жанарады, қайта жоспарланады (Пірназар 2010).

2) Қос құрлық арасындағы түрлі байланыстар жаңа сипат алады. Ақпарат тасқындаған қазіргі заманда елдер мен елдер арасындағы түрлі байланыстар әлемдік қауымдастықтың назарынан еш тыс қалып отырған жоқ. Жаңа Жібек жолы бұл тұрғыдан алғанда экономикасы ерекше қарқынмен дамып келе жатқан Қытайдың, тәуелсіздік алғандарына ширек

ғасыр толмаса да, өркениет көшінен лайықты орын тапқан Қазақстан мен Орта Азия елдерінің, өзінің саяси және экономикалық қыпалын көршілеріне, тіпті әлемге қалайда танытып қалуға үнемі тырысып отырған Ресейдің, өркениет дамуының жаңа белестеріне қол артып отырған Еуропа елдерінің ортақ зейнеті бола алады (Кулибаев 2015).

3) Жаңа Жібек жолы Қазақстан мен Орта Азияның туризм саласындағы болашағына зор серпін береді. Ұлы Жібек жолы бойында орта ғасырларда қандай қалалардың болғаны, ондағы отырықшылық мәдениеттің қалай дамығаны, ұжымдасып өмір сүрудің өзіндік сипаттары тарихтан белгілі (Лю 2015). Бүгінгі күні сол шаһарлардың орны мемлекет қорғауына алынып, туристер қызыға аралайтын мекенге айналып келеді. Көне Сауран, Отырар, Сайран, Алтын-төбе қалаларын айтпаған күннің өзінде, Тараз шаһарының ескілікті орны түгелдей жаңарып жатқаны да көз алдымызда. Егер осының бәрін бүгінгі коммуникация мүмкіндіктерін пайдалана

отырып әлемге танытатын болсақ, болашақта Орталық Азияның бұрынғы керуен жолын туристік орталыққа айналдырудың мол мүмкіндігі бар (Кулибаев 2015).

4) Жаңа Жібек жолы бойында жолаушыларға қызмет көрсету ерекше қарқынмен дамиды. Түрлі жол бекеттері, асханаалар, шағын қонақжайлар, көлікті шұғыл жөндеу стансалары көптеп ашылып, халықтың біраз бөлігі жұмыспен қамтылады. Жолды өз деңгейінде ұстап тұру үшін де арнайы қызмет жасақтары құрылады. Экономикалық тұрғыдан алғанда да «Жаңа Ұлы Жібек жолы» Қазақстан үшін өте пайдалы болмақ (Пірназар 2010).


«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жол торабы бойында орналасқан ара қашықтығы 1390 километр болатын Қызылорда-Түркістан-Шымкент-Тараз-Алматы-Қорғас (Хоргос) жолдары арқылы көшпелі туризм түрін ұйымдастырудың болашағы зор (1 сурет) (Западная Европа – Западный Китай. Международный транзитный коридор 2016).



1 сурет – Қызылорда-Түркістан-Шымкент-Тараз-Алматы-Қорғас (Хоргос) маршруты

Бұл Қазақстан астаналары болған әрі Қазақстан Республикасының ірі 3 мегополисі және діни астана ретінде Түркістан қалалары мен қазіргі таңда сауда орталығы болып отырған қаланы қамтиды. Болашақта осы маршрут негізін-

де көшпелі туризм түрін аралас көлік құралдарын пайдаланып, ұйымдастыру жоспарлануда. Маршрут белсенді немесе белсенді емес (физикалық күшті немесе техникалық) әдістерді пайдалану арқылы жүргізіледі.



2 сурет – Сауалнама нәтижесі

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жол торабының Қазақстан тұтынушылар арасында маңызын білу мақсатында сауалнама жүргізілді (2 сурет).

Жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша, жалпы жауап бергендердің 81 % Жаңа жібек жолы жобасын естігендерін айтты. Бұл әрине қуантарлық көрсеткіш. Алайда, оның тек 33 % ғана жобаға қызығушылық туғызып, жобаның дамуын бақылауда, ал 48 % тек естіп қана қойған.

Мұндай көрсеткіштің төмен болуына туристік тұтынушылардың бұл жоба туралы аз хабардар болуы себеп болып табылады. Сондықтан бұл кемшілік тұсты жою үшін маркетингтік шаралар ұйымдастырылған жөн.

Көптеген әлем басылымдары Ұлы жібек жолы мемлекеттері бойынша туристік каталогтар мен жол сілтемелерін әртүрлі тілдерде және көптеген тираждармен басып шығарды.

Terra America East беттерінде көп уақыт бойы «Жаңа Ұлы жібек жолы» жобасы талқылануда, бұл өте жақсы, себебі, негізінен бізде геополитикалық концепциялар аргументтермен талқыланбайды, тек эмоцияларға тіреле отырып насихатталады. Берілген Terra America East беттерінде бірнеше ағылшын сарапшылары Жібек жолының жаңа жобасы жайында ой-пікірлермен бөліскен болатын.

Мысалы, никлас Сванстрем жобаның басты мақсаты – аймақты өзінің көзқарасымен көру әрекеті, яғни, ресейлік, британдық, еуропалық немесе басқалардың қызығушылықтарының бөлігі емес, онымен қоса, аймақтың ортасы Ауғанстан және оның міндеттері болып табылады деп есептейді (Обзор и критика концепций иностранных авторов).

Claus Richter, Bruno Baumann, Bernd Liebner өздерінің «Die Seidenstrasse. Mythos und Gegenwart» атты мақалаларында: «Бүгінгі күні Ұлы жібек жолының маршруттары қапырықты шөлдермен, биік таулы шатқалдармен және де

жүзжылдық естелігі сақталған архитектуралық ескерткіштері бар көне қалалармен өтеді» деп баға берген (Claus Richter, Bruno Baumann, Bernd Liebner. Die Seidenstrasse. Mythos und Gegenwart, 1999).

### Қорытынды

Ұлы және тарихи Жібек жолы қазіргі таңда, халық арасында өзара түсіністік және бейбітшілік белгісі бола отырып, болашақта көшпелі туризм бойынша сан алуан туристер саяхаттайтын қызықты маршруттар жасауға болатын мекенге айналуы ықтимал.

Ұлы Жібек жолында да, Қазақстанда да, саяхатшыларды тарту үшін барлық басымдықтары бар, алайда берілген белсенді туризм түріне лайықты көңіл бөлінбейді. Бұл туризм түрі әлем бойынша ең қажетті және перспективті трендтердің бірі болуына қарамастан, бұл бағытқа мемлекеттен қолдау көрсетілмей жатыр. Берілген бағытты біздің ұлттық ерекшеліктерімізді енгізу арқылы дамытуға болады. Ұлы Жібек жолы бойында көшпелі туризмнің дамуына әсер ететін негізгі факторлар:

- инфрақұлымға инвестиция құю;
- Ұлы Жібек жолы бойында көшпелі туризмнің орталықтарын құру;
- көшпелі туризмге сұраныс тудыру;
- көшпелі туризмге инновациялық жаңалық енгізу;
- ыңғайлы, қызықты турлар ұйымдастыру;
- саяси тұрақтылық.

Бүгінде Қазақстанның Үкіметімен жеті кластерлік бастама санатында экономиканың басымдықты секторы ретінде туристік индустрияны қалыптастыру анықталған. Мемлекеттік және салалық бағдарламада Ұлы Жібек жолындағы мәдени-танымдық туризмді дамыту, оның маңызды құрамы болып табылады. Қазіргі таңда, Ұлы

Жібек жолы бізді ежелден байланыстырып келе жатқан әлемнің барлық аймақтарымен белсенді түрде байланыс жасайтын магистралға айналды.

Ұлы Жібек жолын қайта қалпына келтіру бүгінгі таңның ең өзекті мәселелерінің бірі және бұл ірі халықаралық жобаны, оның ішінде Ұлы Жібек жолы бойымен халықаралық туризмді дамытуға Қазақстан белсенді қатысып келеді (Түрік тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы Кеңесінің IV саммиті 2017).

Жібек жолын қайта жандандыру – бұл ұқыпты стратегиялық жоспарлауды талап ете-

тін күрделі көп жақты жоба. Жібек жолы – бұл ежелгі маршрут бойындағы жай ғана құрылыс жолы емес, бұл инфрақұрылымның дамуы, тиімді ынтымақтастық үшін ең жоғарғы деңгейдегі қолайлы жағдайды құруды толық жетілдіру заңнамасы, сонымен қатар қатысушы елдер арасындағы өзара түсіністік жетістіктерінің бірі (З. Малдыбек. 2015).

Осы факторларды негізге ала отырып, Ұлы Жібек жолы бойында көшпелі туризмнің дамуына зор мүмкіндіктер бар екенін айтуға болады.

### Әдебиеттер

- 1 Храбовченко, В. В. (2004) Экологический туризм (2004) [Ecological tourism] – 44 с.
- 2 Мышлявцева, С.Э. (2007). Активный туризм в регионах Урала (маршрутный принцип территориальной организации) [Active tourism in the regions of the Urals] – 19 с.
- 3 Разнообразие туров в регионах (2010) [Электронды ресурс]: URL: <http://www.advesti.ru> (кірген уақыты: 02.09.2017).
- 4 Амбициозный план Монголии стать мировым центром кочевого туризма может воплотиться в жизнь (2016) [Электронды ресурс]: URL:// <http://asiarussia.ru/news/13924/> (кірген уақыты: 03.09.2017).
- 5 Нұрланбекова Р.Б. (2011) Ұлы Жібек жолы және туризм [Электронды ресурс]: URL:// <http://lib.nkzu.kz> (кірген уақыты: 04.09.2017).
- 6 Кочевой туризм предлагают развивать в РК (2016) [Электронды ресурс]: URL:// <http://allnews.kz> (кірген уақыты: 07.09.2017).
- 7 Шашкова О., Мельник Ю. Туризм на Шелковом пути (2010) [Электронды ресурс]: URL:// <http://lib.nkzu.kz> (кірген уақыты: 04.09.2017)
- 8 Жумагулова, Б. Возрождение «шелкового пути» и казахстанско-китайское сотрудничество (2015) [Электронды ресурс]: URL://<http://absorac.gea.ru> (кірген уақыты: 10.09.2017).
- 9 Құлибаев А. Шелковый путь - Казахстан: возрождение истории, развитие туризма (2017) [Электронды ресурс]: URL:// <http://www.nomad.su> (кірген уақыты: 09.09.2017).
- 10 Малдыбек Ұлы Жібек жолы және өркениетаралық байланыстардың кейбір аспектілері (2008) [Электронды ресурс]: URL <http://www.library.psu.kz> (кірген уақыты: 09.09.2017).
- 11 Түрік тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы Кеңесінің IV саммиті [Электронды ресурс]: URL:// [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) (кірген уақыты: 03.09.2017).
- 12 Пірназар С. «Ұлы жібек жолының» бойымен салынып жатқан «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» дәлізі құрылысының қарқыны жақсы (2010) [Электронды ресурс]: URL:<http://lib.nkzu.kz> (кірген уақыты: 08.09.2017).
- 13 Западная Европа – Западный Китай. Международный транзитный коридор (2016) [Электронды ресурс]: URL:// <http://eurorpe-china.kz> (кірген уақыты: 04.09.2017).
- 14 Лю Ц. Стратегии развития нового Шелкового пути в XXI веке // Молодой ученый. – 2015. – №15. – С. 391-394. [Электронды ресурс]: URL: <https://moluch.ru/archive/95/21393/> (кірген уақыты: 03.09.2017).
- 15 Обзор и критика концепций иностранных авторов. [Электронды ресурс]: URL:<http://east.terra-america.ru/new-silkway-success.aspx>.
- 16 Claus Richter, Bruno Baumann, Bernd Liebner. Die Seidenstrasse. Mythos und Gegenwart. – Hamburg: Hofmann und Campe, 1999. – 304 p.

### References

- 1 Hrabavchenko V.V. (2004) Ekologicheskii turizm [Ecological tourism] –44 s.
- 2 Myshlyavseva S.E. Aktivniy turizm v regionah Urala [Active tourism in the regions of the Urals] – 19 s.
- 3 Raznoobrazie turov v regionah (2010) [Electrondy resurs]: URL: <http://www.advesti.ru> (kirgen uakyty: 02.09.2017).
- 4 Ambisiozniy plan Mongolii stat mirovym sentrom kochevogo turizma mojet voplotit'sya v jizn' (2016) [Elecrtondy resurs]: URL:// <http://asiarussia.ru/news/13924/> (kirgen uakyty 03.09.2017).
- 5 Nurlanbekova R.B. (2011) Uly Jibek joly jane turizm [Elektrondy resurs]: URL:// <http://lib.nkzu.kz> (kirgen uakyty: 04.09.2017).
- 6 Kochevoi turizm predlagauit razvivat' v RK [Elektrondy resurs] URL:// <http://allnews.kz> (kirgen uakyty: 07.09.2017).
- 7 Shashkova O., Mel'nik Ui., Turizm na Shelkovom puti (2010) [Elektrondy resurs]: URL:// <http://lib.nkzu.kz> (kirgen uakyty: 04.09.2017).

- 8 Jumagulova B. Vozrazhdenie shelkovyjg puti I kazhstanskogo-kitaskoe sotrudneshtvo (2015) [Elektronny resurs]: URL:// <http://absopac.rea.ru> (kirgen uakyty: 10.09.2017).
- 9 Kulibaev A. Shelkoviy put'-Kazakhstan: vozrazhdenie istorii, istorii razvitie turizma (2017) [Elektronny resurs]: URL:// <http://www.nomad.su> (kirgen uakyty: 09.09.2017).
- 10 Z.Maldybek Uly Jibek joly jane orkenietaralyk bailanystaryndyn keibir aspektileri (2008) [Elektronny resurs]: URL <http://www.library.psu.kz> (kirgen uakyty: 09.09.2017).
- 11 Turki tildes memleketterdin yntymaktastygy Kenesinin IV sammiti [Elektronny resurs]:URL:// [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) (kirgen uakyty: 03.09.2017).
- 12 Pirmazar S. Uly Jibek jolynyn boymen salynyp jatkan Batys Europa-Batys Kytai dalizi kurlysynyn karkyny jaksy (2010) [Elektronny resurs]:URL:<http://lib.nkzu.kz> (kirgen uakyty: 03.09.2017).
- 13 Zapadnaja Evropa – Zapadnyj Kitaj. Mezhdunarodnyj tranzitnyj koridor. [Elektronny resurs]:UR:// <http://europe-china.kz> (kirgen uakyty: 04.09.2017).
- 14 Lju C. Strategii razvitija novogo Shelkovogo puti v XXI veke // Molodoj uchenyj. – 2015. – №15. – S. 391-394. [Elektronny resurs]:URL: <https://moluch.ru/archive/95/21393/> (kirgen uakyty: 03.09.2017).
- 15 Obzor-i-kritika-koncepcij-inostrannyh-avtorov. [Elektronny resurs]: URL:<http://east.terra-america.ru/new-silk-way-success.aspx>
- 16 Claus Richter, Bruno Baumann, Bernd Liebner. Die Seidenstrasse. Mythos und Gegenwart. – Hamburg: Hofmann und Campe, 1999. – 304 p.